



Ushqyr orla! Brikke samǵa! Álemdi sharla!

Farabı

№10
ҚАЗАН
2023

shákirti

www.farabishakirti.kz

[@farabishakirti.kz](https://www.facebook.com/farabishakirti.kz)

[@farabishakirti.kz](https://www.instagram.com/farabishakirti.kz)

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ



«Іле Алатау ұлттық паркі»

Құрметті ата-ана!

Ұл-қызыңыздың шығармашылықпен айналысатыны сөзсіз. Алайда жазған мақаласын, шығарған өлеңі мен жетістігін, салған суреттерін жариялайтын журнал бар, «Farabi shakirti» - деп аталады.

Журналға келесі 2024 жылға жазылу басталды.

Индекс 76081

Қала бойынша:

1 ай – 526,90.

6 айға – 3161,80.

12 айға – 6322,80.

Ауыл/село:

1 ай – 531,20.

6 айға – 3187,20.

12 айға – 6374,40.

Журналдың электрондық нұсқасына да жазылуға болады.

Индекс 26081

Қала бойынша: 6 ай – 3079,80. 12 ай – 6159,60.

Ауыл/село: 3105,60, 6211,20.

Балаңызға қай нұсқаны жазып берсеңіз де тиімді.

 farabishakirti.kz;

 farabishakirti.kz әлеуметтік парақшаларымызды ақтарып, қараңыз!

farabishakirti.kz әлеуметтік желісінде де бармыз. Тел: **87017309312**



Farabi shakirti

№10 (50) қазан, 2023 жыл

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (Электронды нұсқа).

Шығарушы және меншік иесі

«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**

Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**

Тамила ИБРАГИМОВА

Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАН**

Редакцияның мекенжайы: **040600**

Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздік, 81

87017309312

E-mail: farabi_shakirti@mail.ru

ТАРАЛЫМЫ– 228 ДАНА

Зерек жасөспірімдерге
арналған
Республикалық басылым

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 28.01.2019 жылы тіркеліп, №17481-Ж куәлігі берілді.

...

Сайт Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде 17.02.2021 жылы тіркеліп №KZ43VPY00032526 куәлігі берілді.

...

Жарнама мен хабарландырулар жарнама берушінің қалаған тілінде жарияланады.

...

Журнал материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

...

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

Журналдың электронды нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында қапталды.



ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы,
Қазақстан Республикасының Президенті:

ПЕДАГОГ – ҰЛТТЫҢ ЖАҢА САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЕҢ МАҢЫЗДЫ БУЫН

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, жиынға қатысушыларды Ұстаздар күнімен құттықтап, еліміздің болашағы жарқын, дамыған мемлекетке айналуы үшін мұғалімдер қауымы аянбай еңбек етіп жүргенін атап өтті.

– Ахмет Байтұрсынұлы «Біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек» деген. Ұлт ұстазының бұл сөзі қашанда орынды. Білім мен ғылым – табысқа жетудің ең басты кілті. Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім беру – өте маңызды міндет. Сондықтан ұстаздар қауымына, яғни сіздерге зор жауапкершілік жүктеледі.

Педагог – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын. Сондықтан білім беру жүйесін жоғары білікті мамандармен толық қамтамасыз ету өте маңызды. Алайда қазір мектептерімізде мамандар тапшы. Бүгінде елімізде 5 мың педагог жетіспейді. Бұл көрсеткіш жылдан-жылға артып келеді. Ал педагогика саласында оқыған әрбір бесінші түлек өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Бұған қоса мұғалімдердің 23 пайызында ғана жоғары біліктілік санаты бар. Мұның бәрі педагогтерді даярлау және олардың біліктілігін

арттыру тәсілдерін түбегейлі өзгертуді қажет етеді. Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық мамандықтарға қатысты бағдарламалардың басым бөлігі заман талабын ескермейтін бұрынғы әдістемелерге негізделген. Заманауи тәсілдер мен технологияны енгізе отырып, оқу бағдарламаларын қайта қарау, жаңғырту қажет.

Бұл қағида барлық жерде, соның ішінде білім беру мекемелерінде қатаң сақталуға тиіс. Мектеп – ең алдымен, білім ордасы. Балалар мектепке білім алу үшін барады. Ал діни ұстаным – әр азаматтың жеке мәселесі, өз таңдауы. Елімізде дін бостандығына заңмен кепілдік берілген. Балаларымыз есейіп, дүниетанымы толық қалыптасқан соң өз таңдауын жасағаны дұрыс деп санаймын. Ең бастысы, көзқарасы айқын, санасы сергек әрі дәстүрге берік ұрпақ тәрбиелеу керек.

Мемлекет басшысы аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бірқатар мұғалімге «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағын берді.

Akorda.kz

Абдрахман Асылбек

Ұстазым

Ұстазым, арманымның белесі едің,
Мен бүгін өзіңменен кеңесемін.
Әдеппен «Әліппені» үйретпесең,
Әдепті адам болдым демес едім.
Ұстазым, арманымның белесі едің,
Көк сүйген тауларымның төбесі едің.
Алдыңда ақыл кені ақтарылып,
Дария даналармен теңесемін.
Ұстазым, арманымның белесі едің,
Қызықты күндерімнің елесі едің.
Алуын алдым сенен алуымша,
Еліме ұшан-теңіз берешегім.
Ұстазым, арманымның белесі едің,
Самғайтын қиялымның кемесі едің.
Өмірлік өзің берген өнегеңмен
Күлімдеп қарсы алады келешегім.

Ғабиден Қожахмет

Жас ұстазға тілек

Талабыңмен танып білген ілімді
Қолдандың да ұстаз болдың бүгінгі.
Жүрегінді білім нұрға билетіп,
Жүрсін дағы шәкіртке сыр үйретіп.

Жалқаулық пен еріншектік танытпай,
Жауһар білім іздетесің жалықпай.
Жетелетіп ізгілікке қадамын,
Жүрегіне білім құйдың баланың.

Келмесең де жасқа дағы кемелді,
Еткен еңбек көпшілікке еленді.
Тек өзгелер қызығумен қарайды,
Бәйге сында шаң қаптырдың талайды.

Өз ойыңмен ақыл-білім өлшеттің,
Шәкіртті де ізіңе ерген көрсеттің.
Біле білсек, ұға білсек жайыңды,
Көпке еңбегің қазірден-ақ жайылды.

«Жас – іске» деп білім жолға сен келдің,
Жаңа заман бағдарын тез меңгердің.
Ғасырыңның құралы да шындығын
Саған ашты – қолыңда ойнап тұр бүгін.

Шындығында, маманысың сен істің,
Қазірден-ақ тәжірибенді бөлістің.
Сен бүгінгі жас ортаның өкілі,
Ізденуің – жемісіңнің кепілі.

Табыстарың табыспенен жалғасты,
Әр шәкірттің ғылымменен сырласты.
Сен оларға білім нұр боп ашылдың,
Ұстазысың алға апарар ғасырдың.

Талаптыға тағылады дүйім сын,
Дос сүйініп, дұшпандарың күйінсін.
Жая берсін қанат қағып өркенің,
Осы бақтың жығып алма желкенін!

Бағдарына айнала алған баланың,
Жас ұстазға үміт артты заманың.
Өзің жайлы берілетін баға көп,
Сен бүгінгі нағыз ұстаз – педагог!

Жаннур Таттигалиева

Ұстаз туралы ой

Ұстаз болу сый етілген өміріне,
Қиын бірақ оны алып жүруі де.
Өмір жолын ұстаздыққа арнаған
Талай мықты ұстаздар бар елімізде.
Шәкірттерін сусындатқан білімімен,
Шыңдатып мыңды үйреткен жүрегімен.
Ұстаз деген ұлы атақты пір тұтып
Өз үйім деп санаған мектептерін.

Сен оның түр келбетін сараптама
Мін болады аппақ жүзді парақтада.
Ұстаздан шәкірт озар дейді қазақ
Әрқашан бізге болсын ұстаз дара.
Ұстазымның пейілі дархан шіркін,
Мейірімін әрқашада аямаған.
Ардақты, аяулы да ұстаздарым
Құтты болсын бүгінгі мейрамдарың.

Айсұлу Рүстемова

Сол ауылда ұстаз еді ең ұлық

Сол ауылда ұстаз еді ең ұлық,
Марапат пен күтпеді олар мақтауды.
Жаныменен тұратын-ды сені ұғып,
Үйретті олар ар-ұятты сақтауды.
Кетпеді олар қала кезіп, не шетке

Туған жерге, туған елге таңылды.
Қалай ғана, қалай ғана десек те
Жүрген, тұрған, отырғаны - бәрі үлгі.
«Ар-ұяттан жоқ ештеңе жоғары!»
Ұят деген өлшемі еді өмірдің.
Адам үшін сияқты еді қоғамы,
О, сен де желіндің, желіндің.
Сол ауылда ұстаз еді ең ұлық,
Марапат пен күтпеді олар мақтауды.
Жанарынан жаны тұрды көрініп
Үйретті олар Өмірді де сақтауды.



Фарица Оңғарсынова

Ұстазым

Заводта болсаң, күнбе-күн көрінер еді табысың.
Дәрігер болсаң, түрлі емің – сырқаулы жанның бағы шын.
Ал сенің еңбек жемісің өзгеше тіпті басқадан:
ол — өзін арнап ел үшін осынау жүрген жақсы адам.
Жақсы адам – елдің тірегі, байлығы туған халықтың,
шапағын шашар үнемі көгінде тұрған жарық күн.
Сан жастың қамын шертесің, тағдырын ойлап толғанып.
Әр үйдің бір-бір еркесін үйреттің өзің қолға алып.
Ұстазсыз жанда сөнбек күн,
шәкіртсіз өмір – сусыз жер.
Көрінбес ғажап еңбектің бейнетін кешіп жүрсіздер.
Жүректе тұрар жалқы үнің,
жанымнан жалын жігер күт.
Ұстазым, сенің әр күнің, әр сәтің тұрған бір ерлік!



Ғалым Берік

Ұстаз деген!

Бала десе ойламайды өз қамын,
Көрсем дейді күнге де қолын созғанын,
Ұстаз деген шын жүректен тілейді,
Шәкіртінің өзінен де озғанын.
Жүрегі нұр, өмірі гүл ұстаздың,
Келеді менің ұстазыма ұқсағым.
Ұстаз деген қарапайым қашанда,
Құрметтейміз өзіңізді ұстазым.



**Барменкулова Зарина Нышамбекқызы мен
Шажияева Гульшат Боранбайқызы**


**Алматы облысы, Қарасай ауданы,
Қырғауылды орта мектебінің мұғалімдері**

Тілейміз біз амандық пен бақытты,
Тілейміз біз қуаныш пен шаттықты.
Білім алған өзіңіздей ұстаздан,
Біздей шәкірт шынындада бақытты.
Біздер әлі өтелмеген парызыбыз,
Сары дала сайрап жатқан сан ізбіз.
Білім беріп тәрбиелеген ұстаздар,
Алдарында мәңгілікке қарызбыз.

Insta: galim_b

Бүгін 1953 жылдың 17 мамыры. Менің туған күнім. Осыдан тура жарты ғасыр бұрын Алматыда дүниеге келдім. Ол кезде әкем 30, анам 22 жаста екен. Олар жас жағынан және өмірдің еншілеріне бөлген талай қиындықтарды бастан өткізу арқылы ақыл тоқтатқан кісілер еді.

(Естелік кітаптың алғы сөзінен)



Қасым-Жомарт Тоқаев:

«Әке туралы толғаныс»

Осы бір эссесінде әкесі Кемел Тоқаев пен анасы Тұрар Шабарбаева туралы әңгімелейді. Бұл перзенттің аялап өсірген ата-анасы туралы толғанысы, жүрек сыры іспетті.

...Өкінішке қарай, әкеме тағдырдың сыйлаған ғұмыры ұзақ болған жоқ. Ол 1986 жылы 10 қарашада 63-те, Пайғамбар жасында дүниеден өтті. Біздің отбасымызға зор қайғы алып келген сол жағдайды еске алған сайын көп ойланамын. Өмірдің барлық қиындығын - жетімдікті, Ұлы Отан соғысының қанды кезеңін бастан кешкен оның маңдайына ұзағырақ өмір сүріп, Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздік алуы тәрізді тарихи оқиғаның куәгері болу бақыты неге жазылмады екен? Жаңа дәуірге аяқ баспастан бұрын-ақ осы төңіректе әңгіме бола қалғанда, ол Қазақстанның шетелдерде дипломатиялық өкілдіктері бар тәуелсіз, дербес мемлекетке міндетті түрде айналатынын айтатын. «Еркіндігі жоқ елдің ертеңі де жоқ».

Әкемнің туған жері - Алматы (бұрынғы Талдықорған облысы) облысының Қаратал ауданы, Қалпе ауылы. Ол отбасындағы екінші бала. Үлкен ағасы Қасым қазақ дәстүріне сәйкес

атасының қолында тәрбиеленіп, сол себепті басқа фамилияға жазылған. Әкемнің қарындасы болған.

... Мал-жанынан айырылған қазақтардың көбісі Қытай еліне қоныс аударған. Алайда, әкемнің айтуынша, атам ол жаққа барудан бас тартқан. Жат жерде өмір сүру отбасына әлдеқайда ауыр тиетінін және ең бастысы - Отанмен, туған-туыстармен байланыс үзіліп қаларын білген. Сондықтан отбасы кеңесе келе қазақтарды қынадай қырған аштықтан құтылу үшін, кесепатты кезең өткенше Фрунзе қаласына барып, өлмеудің қамын жасап, тірлік етуге тоқтаған. Фрунзеге дейінгі жол ауыр және ұзақ болған. Алайда, олар қалаға аман-есен жетіпті.

Қазақ отбасын паналатқан қожайынның есімі Яков екен, қазақ тілінде айту қиын болғандықтан ол бірден «Жақыпқа» айналып кеткен. 70-ші жылдары әкем маған Бішкекке барып, сол үйді

көргісі келетінін айтатын. Қым-қуыт тіршіліктің уайымымен жүріп сапарын кейінге қалдырумен болды, ақыры бара алмай кетті...

Студент кезімде мен әкемнен оның өмірінің ең қиын кезеңі туралы сұрадым. «Мен үшін ең қиын сәт ағамның қайтыс болғаны туралы хабарды - «қарақағазды» алған сәтім болды», - деді ол. Қасым аға 1942 жылдың ақпанында қаза тапты. Әкем бауырының хаты мен Кеңес армиясының лейтенанты шенінде түскен суретін көзінің қарашығындай сақтап жүрді. Суреттің артқы жағына өз қолымен қарындашпен «Інім Кемелге естелік үшін» деп жазған. Әкем Қасымның жиі түсіне енетіндігіне, ақыл айтып, кеңес беріп, оны өмірдің қиянаттарынан сақтандырғысы келетін сыңай танытатынын жиі айтатын. Кейде маған әкем туған ағасы аяқ асты тіріліп келеді деп үміттенетіндей көрінетін. Осындай сәттерде ол: «Мүмкін, ол ауыр жарақаттан немесе контузиядан кейін госпитальда жоғалып кеткен шығар, соғыста бәрі болады ғой. Мен ауыр жарақатпен Гомель, Омбы, Алматының әскери госпитальдарында жатқанда аяқсыз, қолсыз қалған көптеген жауынгерлердің отбасына оралудан бас тартып, вокзалдар мен бекеттерде қалып жататынына куә болғаным бар», - дейтін. Алайда, Қасым оралған жоқ. Кейінірек, оның майданда қаза тапқаны туралы ресми қағаз келді. Осыдан кейін ғана әкем мынау жарық дүниеде Тоқаев әулетінен жалғыз өзі қалғанын мойындап тынды.

Өзімнің есімім үшін тағдыр көруге жазбаған көкеме қарыздармын. Жаны жомарт, пейілі кең азамат болсын деп армандаған анам мені Жомарт атапты.

Бұрын да әке мен бала арасындағы сырласу сәттері аз болмайтын. Жалпы тірлігінде ол кісі маған көп сырын ақтарды, айтылмаған, айта алмай кеткен мұң-шері де аз емес-ау деп ойлаймын. Екеуіміздің арамызда болған сондай сәттер есіме түскенде әкеме деген сағыныш көңіліме мұң қамайды. Өкінетінім – біздің сырласу сәттеріміз аздау болыпты. Алды-артымды толық танып болмай жатып мен Мәскеуге оқуға кеттім, каникул уақытында ғана Алматыға, ата-анам келіп тұрдым. Оқу бітірген соң менің шет елдердегі көп жылдық “көшпенді” өмірім басталды да, әкем екеуіміздің арамыздағы сырласу, әртүрлі тақырыптағы ашық әңгімеміз бірте-бірте сирей берді.

Біздің анамыз ұсақ-түйек нәрсеге дейін бәрін білу қажет деп санады. Ол кісінің қатысуынсыз өткен ата-ана жиналысы жоқ та шығар, сірә. Төрт баласының барлық мұғалімдерін жақсы білетін. Біздің балалықпен жасаған тентектігіміз, қуанышпен күйініш-сүйінішімізге қатысты жайдың бәрі оның назарынан тыс қалған емес. Басқаша айтқанда, анамыздан жасыратын құпиямыз болған жоқ.

Ақпарат дереккөзі: massaget.kz
20 Наурыз 2019 жыл.

***Көрнекті жазушы, еліміздегі детектив жанрының негізін қалаушы, журналист, қоғам қайраткері Кемел Тоқаевтың 100 жылдығы аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде Кемел Тоқаев аудиториясы ашылды. суретkazgazeta.kz.**





Тіл құдіреті

Құлсары қаласындағы №19 мектепте «Тіл құдіреті» атты кездесу кеші болып өтті. Оқушылар Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Республикалық жыр мүшайраларының жүлдегері, белгілі ақын Сәулеш Шәтеновамен жүздесті.

Мәдени-танымдық іш-шараның мақсаты: ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы толық мәлімет бере отырып, оқушылардың поэзияға, Отанға, тілге, мәдениетке, қазақ халқына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Зал іші көрнекті етіп безендіріліп, тақырыптық слайд, шар, автордың кітаптары қойылған.

Жүргізуші: – Сәлеметсіздер ме, аяулы ұстаздар, қадірменді оқушылар! «Тіл – ұлттың жаны» атты қазақ тілі, ағылшын тілі, орыс тілі бірлестіктерінің ұйымдастыруымен онкүндік өтуде. Сол онкүндіктің жоспары бойынша «Тіл құдіреті» бөлімінде елімізге танымал тұлғамен сұхбат жүргізуді жөн көрдік. Біздің қазақ елі киелі, ұлы тұлғаларға кенде емес. Солардың бірі - жүректерді жан жылуымен ерітіп, поэзия әлемінің биік шыңдарын өз еркіне бағындырып, қиялға қанат сермеген белгілі ақын Сәулеш Шәтенова апайымызбен сұхбатымызды бастаймыз. Деректерге кезек берсек, - деді.

Бұдан соң слайд көрсетілді. Ақын Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР Ақпарат саласының үздігі, Республикалық жыр мүшайраларының жүлдегері – Шәтенова Сәулеш Тәжіқызы Жылыой ауданында дүниеге келген. Ол 1981 жылы Өл - Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне түсіп, оны 1986 жылы бітірді. Оның өлеңдері Қазақ поэзиясы антологиясының 100 томдығына енді. Сондай-ақ, Республикалық

«Аудитория», «Қос ішек», аймақтық «Ақ шағала», «Жылыой қаламгерлері» жыр жинақтарында өлеңдері бар. «Сәулелі сәт», «Күн тозаңы», «Алыста қалған Ауғанстан» атты жеке жыр кітаптары шықты.

Кездесу қонағына «Ақындық жолыңыз қашан басталды?», «Осындай дара жолда табысқан, танысқан өзіңізге ұстаз болған, үлгі болған адамдар көп шығар? Өмірдегі ұстазым, өнердегі ұстазым деп кімді танысыз?», «Ақындықпен қатар журналист мамандығын қатар алып келесіз, бұл мамандықтың қандай қызықтары мен қиындықтары бар? Ақындық пен журналист бір - бірімен үндесіп жатқан ұғым дейді, сіздің ойыңызша екеуін де қатар алып жүруге бола ма, әлде әрбіреуінің өзіндік қыр-сырын меңгеру керек пе?» – деген сынды көптеген сұрақтар қойылды. «Ақын қай кезде де ұлт жанашыры, тіл қорғаны іспеттес. Сонымен қатар журналистік тұрғыдан қарағанда қазіргі кезде мемлекеттік тіліміздің дәрежесі қандай деп ойлайсыз?» деген маңызды сауалдар да қойылды.

Кездесуде оқушылар Бағытжан Шахноза қаламгердің «Абай өлеңі», Иван Арайлым «Жұлдыздар» деген өлеңдерін оқыды.

Кездесуді ұйымдастырған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Тілеубергенова Алуа сөз алып, ақын шығармашылығы туралы әңгімеледі. Еркінқызы Көркем «Ерке сылқым» күйін орындады. Тіл мерекесіне орай 8-сынып оқушысы Серік Іңкәр Мағжан Жұмабаевтың «Қазақ тілі» өлеңін оқыды. Басқа да шәкірттер музыка аспаптарында ойнап, ақын өлеңдерін оқыды.

П. ЖАУЫНБАЙ,
Атырау облысы

**ТӘЖКЕНОВА Гаухар Жұматайқызы,
Жамбыл облысы, Жуалы ауданы,
Момышұлы ауылы, №19 Д.Қонаев атындағы
мектеп-гимназиясының мұғалімі.
Мектеп - тренері, көшбасшы мұғалім.
Серіктес мектептер үйлестірушісі**



Ұстаз – мәртебелі мамандық

Әбу Насыр әл-Фараби: «Жаратылысынан жадысы мықты, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің ешқайсысын ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі мұғалім жұртқа әділ, ізгілікке жақын, қорқыныш пен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек».

Хакім Абай атамыз: «Адамның адамшылығы – жақсы ұстазынан болады» - деп, ұстаз – келешек ұрпақтың сәулетшісі екеніне жоғары баға берген. Адам бойында кездесетін бар жақсылықтың иесі – мұғалім. Себебі, ол шәкірттерді білім шыңына жетелейді, тәрбие береді, өнеге көрсетеді. Әр оқушының көңіліне қарайды, жүрегіне жол табады. Өзі оқытқан шәкірттерін парасатты, дүние танымы жан-жақты жетілген, өмірге көзқарасы қалыптасқан тұлға етіп шығарады.

Мамандықтың бәрі жақсы. Дегенмен, барлық мамандыққа барар жол – ұстаздың ақыл – кеңесінің арқасында қалыптасады. Сондықтан да, мұғалім мамандығы мәртебелі. Мектебімізде бізге дәріс беретін барлық ұстаз ардақты. Оларға зор құрметпен қараймыз. Мұғалімдеріміз біз үшін биік тұлға. Ұстаздарымыз - Гаухар Жұматайқызы мен Бейбітова Жеңіскүл апайдың орындары ерекше. Ұстаздарымның жандүниесі кең, екінші анамыздай. Мен олардан үлгі алып, өнеге үйренудемін. Сыныбым жоғарылаған сайын ұстаз болу жүрегіме бойлап келеді. Көпшілік алғысына бөленетін жігерлі жандар ғана тандайтын мамандық – менің болашақ бағдарым!

Ұстаздарыма алғысым шексіз! Мерекелеріңіз құтты болсын!

**ҚАМБАР Сымбат,
7 «Ә» сынып оқушысы**





Мемлекет басшысы «SANA» оқушылар сарайын аралап көрді

2023 жылғы 04 қазан

Бес қабатты заманауи ғимаратта 5-17 жас аралығындағы жеткіншіктерге арналған 60-тан астам үйірме мен спорт секциялары жұмыс істейді. Олар техникалық шығармашылық, сәндік-қолданбалы өнер, әлеуметтік ғылымдар, музыка және хореография, спорт секілді бірнеше бағытқа бөлінген. Орталық бір мезгілде 700 баланы қабылдай алады. Аумағы 7500 шаршы метр ғимаратта соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталған оқу кабинеттері, жүзу бассейні, акт залы, подкаст және фото студиялары бар.

Мемлекет басшысы Lego құрастыру, роботты техника, 3D-модельдеу және қыш өнері, ұрмалы аспаптар, домбыра үйірмесі кабинеттері мен жүзу бассейнін аралап көрді. Сондай-ақ Президент орталықтың оқытушыларымен, балалармен және ата-аналармен әңгімелесті.

– Әрбір қалада, ауданда осындай орталықтар ашылуы керек. Мен жақында бизнес өкілдерімен кездесу өткіздім. Бұл балалар үшін, өскелең ұрпақ үшін қажет. Сондықтан біз бұл мәселеге баса мән береміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«SANA» жаңа ұрпақ орталығын «Damu Development Group» консорциумы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында салған. Компания құрылтайшысы Абзал Сағымбаев алдағы уақытта бірнеше дамыту орталықта-



рын, әлеуметтік, денсаулық сақтау нысандарын салу жоспарланып отырғанын жеткізді.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, 2029 жылға дейін елордада осындай 15 оқушылар сарайы бой көтереді. Оның ішінде 5 орталықтың құрылысы жуық арада басталады.

Қазақстандық 9 жасар футболшы Түркияның «Бешикташ» клубында жаттығатын болады

деп хабарлайды Prosports.
kz тілшісі ҚазАқпаратқа сілтеме жасап.

Бір жылдан бері «Ақжайық-2014» командасында жаттығатын Алдияр маусым айында Алматы қаласына барып, іріктеудің бірінші кезеңінен өткен.

Алдиярдың анасы Баянсұлу Мұқанованың айтуынша, елішілік іріктеуден өткен 6 бала Ыстанбұл қаласына барған. Онда іріктеуден екеуі өткен.

Енді жас футболшы 11 қазанда Ыстанбұлға жол жүреді. Оның алғашқы бапкері Арыстан Култаев шәкіртінен үлкен үміт күтеді.

Қазіргі кезде Алдияр түрік тілін үйреніп жүр. Оның Түркиядағы барлық шығынын «Бешикташ» клубы өз мойнына алды.

Осылайша, Қазақстан ұлттық құрамасының ойыншысы Бахтиер Зайнутдиновтың командаласы атанған Алдиярды «Ақжайық» ФК директоры

Манарбек Ержанов құттықтап, естелік сыйлық табыс етті.

Алдияр Ыстанбұлда бастапқы кезеңде нағашы әжесімен бірге тұрмақ.





**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы,
Қазақстан Республикасының Президенті:**

Оралхан Бөкей – ұлт руханиятының көкжиегін кеңейтуге зор үлес қосқан біртуар тұлға.

Қарымды қаламгер әдебиет әлеміне алғаш қадам басқан сәттен бастап шоқтығы биік шығармаларымен оқырман қауымның ықыласына бөленді. Оның «Қайдасың, қасқа құлыным», «Қар қызы», «Ұйқым келмейді», «Атау кере» және басқа да туындылары қазақ әдебиетінің алтын қорына құнды қазына болып қосылды.

Жазушының жауһар мұралары көптеген шет тіліне аударылды, пьесалары еліміздің іргелі өнер ордаларында қойылып, көрермен көзайымына айналды. «Алтайдың Кербұғысы» атанған ерекше дарын иесінің шығармашылық жолы, азаматтық ұстанымы және қайраткерлік қасиеті – жастарға әрдайым үлгі-өнеге. Оның мол әдеби мұрасы әлі талай ұрпаққа рухани азық бола беретіні сөзсіз.

XX – ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең сүлей суреткері

Қазақтың белгілі жазушысы, драматург Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

«Оралхан Бөкей – жиыrmасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең сүлей суреткерінің бірі ретінде әлемдік танымдылыққа ие болды. Оралхан азғантай ғұмырында сондай асқаралы биікке өзін де, елін де, туған әдебиетін де шығарып үлгерді».

Әбіш Кекілбаев

«Оралхан – дүниеден озғалы, міне, тура он жыл болды. Кітаптары өмір сүріп келеді, өмір сүре береді. Олар: жасқа – ақыл, кәріге – қуат береді. Бақытқа бақыт қосады. Бақытсызға медет болады».

Шерхан Мұртаза, 2003 ж.

Оралхан не жазса да қанымен, жанымен жазушы еді. Және қай жанрда жазбасын олардың бірде – бірі қаламдастар мен қалың қауым назарынан тыс қалмайтын. Оралхан бір оқылатын жазушы емес. Оралхан қайталап оқуды қажет ететін жазушы, түсінгеніңше оқи беретін күрделі суреткер».

Дулат Исабеков

«Оралхан өзі туған табиғатына ұқсас еді. Алтайдай асқақ, оның оқ жетпес құзар шыңдарындай биік еді! Заңғар тауларынан құлап аққан өзендеріндей тасқын еді. Тауларының сілемдерін жайлаған ерке еліктеріндей елгезек еді. Өркеш - өркеш тастарындай ірі еді. Қалам сілтеген алыптардың бірі еді. Шығыстан жарқырап шыққан жұлдыз еді».

Қасым Қайсенов

«Оралхан еш уақытта тақырыптан таусылып көрген жазушы емес. Бір-ақ сөйлемдік мәселеден қалауынша шығарма тудыра беруге қабілетті де, құдіреті де жететін. Сол себепті де болар, ол «Жоспарланған дүниенің көптігі сондай, оларды ешқашан жазып тауыса алмайтын шығарма» деп қиналатын».

Дидрахмет Әшімханұлы

Ана қуанышы

(Әңгіме)

Есіктен атыла шыққан Жеңіс табалдырықта жатқан аламойнақтың аяғын басып кетті. Ауырсынып қалған ит жасынан бірге өскен иесіне бір рет қаңқ ете түскеннен басқа шағым айта алмай қала берді. Жеңістің аялдауға мұршасы болған жоқ. Жүгірген бойы Бұқтырма өзенін жағалап кете берді.

Артта ашық қалған есіктен тек ашулы ана сөздері естіліп жатты.

— Тоқтай тұр, келерсің. Үйбай-ау, он жыл бойы табанынан таусылып оқып, оқып алып, енді жұмыс істемейтіні не. Жасынан жұмысқа салып қойса білер едің сонда, оқудың не екенін. Жарайды, әкесі жас кезінде оқу-тоқудың не екенін де білмеді. Әйтеуір Совет өкіметі орнап көзі ашылды. Оның есесіне сені оқытып, жеткізді емес пе. Енді болса істеп жүргенің мынау. Былтыр өзін сияқты ана Есімбайдың баласы мектепті бітірісімен-ақ оқуға кетіп қалды ғой. Тайқақтағанды көрсетермін, әкең келсін, — деп сөйлеп жүр Жеңістің анасы Қалима.

Шынында да Жеңіс әкесін өте сыйлаушы еді. Айтқанынан шықпайтын. Бірақ Жеңістің әкесі қытымыр кісі емес, ауыр мінезді, өткір сөзді адам. Жеңістің әкемдей болсам, әкемдей сөйлесем деп арман етуі де осыдан.

Бұлқан-талқан болып отырған Қалиманы бір жағынан ашуландырған қызы Әлиманың сөзі болды. Әлима Жеңістің арасына түсіп жүр.

— Есімбайдың ұлы дейсің, ол оқуға түсе алмай қайтып келгені қайда. Қалада жүр ғой сандалып. Жеңіске әкем тіпті де ұрыспайды. Әнекүнгі өзіңнің көзіңше не деп еді?

— Сен де қырық жылғыны ұмытпайды екенсің, — деп ашуланып айтқанымен де, қызының сөзі оны ойландырып тастады. Оны сезген Әлима батылдана сөйледі.

— Ұмыта қалдың ба. Жеңіс ойлан. Бір-екі жыл менімен жылқы бақ. Оқу қайда кетер дейсің демеп пе еді. Ал онжылдықты бітірген соң мен де екі жыл жұмыс істеймін.

Су жағалап келе жатқан Жеңіс анасының сөзін өзінше салмақтаумен болды. Оның көз алдына бесікке салып тербетіп отырған ана бейнесі келді. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай он жеті жыл бойы тәрбиелеген анасының сөздерін қайтіп аттап кетпек. Әй, ана-ай түсінбейсің-ау, деп Жеңіс ауыр күрсініп, жар жиегіне отыра кетті.

Енді бір сәт оның көз алдына класс жиналысы келді. Өзінің ең бірінші болып туған ауылында қалып жұмыс істеймін деп комсомолдық сенім бергені ана

сөзін қалқалай берді. Жұмысқа қаламын деп алып, қалмауым ұят іс. Достарымның, оның бер жағында мұғалімдердің алдында маскаралық емес пе. Қой не болса да жұмысқа қалдым, деп ішінен нық түйді. Анам қанша ашуланар дейсің. Ендігі райынан қайтып та қалған шығар. Жеңіс анасының түнерері болса да, жауары жоғын білетін.

Алтайдың ежелгі самал желі жылып аққан өзен бетіне шиыр сияқты ұсақ толқындарды төсеп жатыр. Өзінің туған жерінің көрікті де сұлу табиғатына сүйсіне қызықтап қараумен Жеңіс үйіне қайтты. Тағы да ұрсады-ау деген сезікті оймен ол есікті ептеп ашып, үйге кірді. Бірақ анасының ашуы басылып қалған екен.

— Тамағыңды ішпей қайда жүрсің, — деп сабырмен қарсы алды анасы. Әкесі де жылқыдан келген екен. Талқыға өзінің енді түсерін білген Жеңіс бір шыны шайды әрең тауысты. Жеңіс жұлдызды жігіт болды. Бағына әкесі үй ішінде болған жағдаймен танысып үлгеріпті. Ол өткір көзін жапқан қалың қабағын кере түсті де, баласына:

— Үй іші болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды, оқасы жоқ оның. Ойың дұрыс балам. Өз еңбегіңнің де дәмін татып көр. Менімен бірге бірер жыл жылқы бақ, — деді салмақпен сөйлеп.

Шын ба! Дегендей Жеңіс жаутаңдап әкесіне бір, анасына бір қарады.

— Әкең болса қартайып қалды. Серік болып бағам десең, бақ. Бұл ойыңа мен де қарсы емеспін, түсіндім. Кейін сырттан оқуға барарсың...

Мұндай сөзді күтпеген Жеңіс қуанғанынан анасын қапсыра құшып сүйе берді, сүйе берді...

Жеңіс әкесімен бірге жылқы баққанына дәл бір ай болды. Ол бүгін өте көңілді келе жатыр үйіне. Жүрегі лүпілдеп үйге тез жетуге асық. Оны қуантқан тұңғыш еңбек ақысы еді.

Өмірдің дәмін енді ғана татқандай. Жас балаша қуанышпен жүгірген бойы үйге енді. Анасының қолына сексен сомды ұстата беріп:

— Міне, ана менің адал еңбегімнің нәтижесі, — деді. Анасы Қалима оның күлімдеген жүзіне қарап:

— Балам, қайырымен болсын, ержеткенінді енді білдірдің. Азамат болдың, — деп мейірлене ұлының басынан сипады. Осы сәтте ана жүрегінің балаға деген қуанышы шексіз еді...

Оралхан Бөкей, 1961 ж.
Zharar.kz

Абдолла ҚАРСАҚБАЕВ:

«Біріншіден, мен тек балалар туралы фильм түсіргем жоқ, үлкендерге де арналған бірнеше картина түсіргенмін. Дегенмен, жұмыстарымның басым көпшілігі балаларға арналған. Сол себепті де мені балалар өздеріне толық еншілеп алса керек. Оған мен қуанбасам, ренжімеймін. Өйткені, мен балалық шағымды сағынамын. Бүгінгі ұрпақпен жұмыс істеуге соншалықты құштармын».



Қазақ киносының саңлағы

Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері Абдолла Қарсақбаев 2 қазан 1926 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарақастек ауылында дүниеге келген. 1956 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институтының режиссерлік факультетін М.Э. Чиаурелидің тобында бітірген. Алғаш балалар тақырыбына ден қойған қазақ режиссерлерінің қатарында Абдолла Қарсақбаевты ерекше атап өтуге болады. 1967 жылы «Менің атым Қожа» Франциядағы Канн фестивалінің арнайы жүлдесін жеңіп алды. «Алпамыс мектепке барады» фильмі 1977 жылы Ригада өткен Бүкілодақтық фестивалде бас жүлдеге ие болды. Осы кезден бастап режиссер балалар тақырыбына терең бет бұрды.

Оның негізгі мақсаты - еркін ойлай білетін жас ұрпақты тәрбиелеу еді. Әр фильмінде Абдолла Қарсақбаев бүлдіршіндерді рөлге өте орынды тандай білді. Өзінен кейінгі жастарға ұлағатымен, тәлімімен өнеге болды. Сондықтан да, жастардың ең жақын жанашырына айналды. Жылы жүзді, мейірімді, кеңпейіл режиссерге әсіресе, жастар жағы үйірсектеу болды.

АТАҚТЫ РЕЖИССЕРДІҢ ЕРЕКШЕ ҚЫРЛАРЫ

1. Абдолла – Қарсақбайдың 16 баласынан ашаршылық жылдары аман қалған жалғыз тұяқ.
2. Ол – Мәскеудің Бүкілодақтық кинематографистер институтын бітірген санаулы қазақтың бірі. Алғашқы кәсіби маман ретінде ол өзін одақ көлемінде, алыс-жақын шетелге мойындатты.
3. Абдолла Қарсақбаев еңбек жолын актерліктен бастаған. Шағын эпизодтық рөлдерге түскен ол кейін мамандығына қарай ойысып, экранизациялаудың ерен еріне айналады.
4. Үнді халқының режиссері Радж Капур Абдолла Қарсақбаевтың фильмдеріне жоғары баға берген. Режиссерді көруді де армандаған. Тіпті, өз еліне арнайы шақырту жеделхаттарын да бірнеше мәрте жібереді. Алайда атақты жанның талантын көре алмаған кейбір байғұстар «Ол кісі біраз жыл бұрын өліп кеткен» деп «жаназасын» да шығарып қойған екен.
5. Абдолла Қарсақбаев әділдікті ту еткен, бетің бар, жүзің бар демей айтып салатын өткір, турашыл адам екен. Туғаны болса да шындықты айтатын, кейіпкерлері секілді кесек мінезді, ірі сөзді адам бұл жағынан досы Нұрғиса Тілендиевке ұқсас болыпты.
6. Ол алғашында қосалқы құрамдағы режиссер бола жүріп, «Қазақ халқының қолөнері» атты деректі фильм түсірген. «Әйгілі режиссердің ерекшелігі, ол өз шығармаларына қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын енгізуге тырысатын еді» дейді актер Н. Ықтымбаев.

7. Қазақ жазушыларының ішінде Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығын жоғары бағалады, сол туындылардың желісі бойынша «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат» көркем фильмдерін түсірді. Алғашқы фильм 1967 жылы Канн қаласында өткізген халықаралық кинофестивальдың дипломына ие болды.

8. Абдолла Қарсақбаевтың қазақ киносындағы жаңалығы – көркем фильмге мультипликациялық элементтерді қосуы.

9. Оның фильмдерінде астар жатады. «Астарсыз әдебиет әдебиет бола алмайды» дейді тарихшы Ж. Артықбаев. А. Қарсақбаевтың Сәкен Сейфуллиннің «Бандыны қуған Хамит» повесі желісімен түсірген «Даладағы қуғын» фильмі де кейіпкерлер образының суреттелуі тұрғысынан астарға толы шығарма болғандықтан, бүгінгі таңда әлі де сүйікті кинолардың қатарында тұр.

10. Режиссер қазақ кино тарихына жаңа есімдер әкелді. Нұржұман Ықтымбаев, Досхан Жолжақсынов, Болат Қалымбетов, Гүлнар Досматова, т.б. Қарсақбаевтың «балалары» деп саналады.

11. Абдолла Қарсақбаевтың ұлттық киноның қатарын толтырған белгілі фильмдері: «Қатарыңнан қалма», «Оу, ковбойлар», «Таң алдында», «Алты жасар Алпамыс», «Балалық шақтың кермек дәмі».

12. Абдолла Қарсақбаевтың «Қилы кезең» тарихи картинасы – кеңес кезеңінде тыйым салынған фильм. Режиссер Данияр Саламаттың айтуынша, ондағы мызғымас бейнелер, қызылдар мен бандалар айқасы, басшылардың аузымен айтылатын кесек-кесек сөздер, тіпті тұтас халықты пулемет оғына байлап беруін көрсеткен көрінісі расында да кеңестік идеология ұрандарына қайшы келген еді.

13. Ол Ұлы Даланың даңқты перзенті, композитор, дәулескер күйші Нұрғиса Тілендиев қимас дос болды. Ұлы музыкант досының барлық дерлік фильмдерінің әуенін жазып шықты.


14. Абдолла Қарсақбаев – үш рет шаңырақ көтерген адам. Алғашқы әйелі еврей ұлтынан екен, одан Қайсар есімді ұл көрген. Екінші әйелі Үміт – Илияс Жансүгіровтың қызы. Атақты ақынның күйеу баласы болған режиссер «Құлагер» фильмін түсіру ниеті болыпты. Үшінші жарының есімі – Клара Қарсақбаева. Одан көрген Тоқтар атты ұлы әкесі туралы деректі фильм түсірген.

15. Абдолла Қарсақбаев 56 жасында, 2 қыркүйек 1983 жылы Алматыдағы Амангелді батыр ескерткішінің алдында жүрек талмасынан қайтыс болған.

Дайындаған: Заңғар КӘРІМХАН
E-history.kz



1. Төмендегі суретте таразының екі жағы бір-бірімен тең болса, онда x мәні нешеге тең?



A) 3 B) 4 C) 5 D) 6 E) 7

2. Суреттегі берілген үйді, диаметрі 20 метрге тең болатын жарты шеңбер тәріздес сыммен қоршап шығу керек. Бұл қоршауда 4 метрлік есікке орын қалдыру керек. Олай болса осы сымның ұзындығын табыңыз. ($\pi = 3$)



A) 116 B) 96 C) 76 D) 46 E) 100

3. Шахмат турнирінде әр жеңіске 1 ұпай, тең

түссе $\frac{1}{2}$ ұпай беріледі. Жеңілгенге ұпай жоқ. Турнирдің соңында барлықтарының ұпайларының қосынды 21 ұпайдан көп, бірақта 35 ұпайдан аз болды. Барлығы бір-бірінен тек бір ойын ойнады.

Қатысушылардың санын табыңыз.




A) 6 B) 7 C) 9 D) 8 E) 5


4. Айдардың қолында үш әр түрлі есікті ашатын 3 әр түрлі кілт бар. Қай кілт қай есікке сәйкес келетінін білмеген Айдар осы есіктердің нақты кілтін табу үшін ең кем дегенде неше рет бағын сынау керек?

A) 1 B) 3 C) 5 D) 6 E) 7


5. Төмендегі суретте алғашқы үш фигура белгілі бір заңдылықпен орналастырылған. Ондай болса келесі фигураны табыңыз.




1-қадам




2-қадам




3-қадам




A)




B)



C)



D)



E)

6. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін санды табыңыз.




A) 610 B) 410 C) 310
D) 710 E) 510

7. Әділет, Думан және Нургүл мектепте математика, геометрия және логикадан олимпиадаға дайындалып жүр. Олардың әрқайсысы бір ғана пәннен олимпиадаға қатысады. Сынып жетекшісі айтқан «Әділет математиканы тапсырады. Нургүл логиканы тапсырмайды. Думан математиканы тапсырмайды.»

Сынып жетекші екі оқушыда қателісіпті.

Кім қандай олимпиадаға қатысты?

- A) Әділет: Логика; Думан: Геометрия; Нургүл: Математика
B) Әділет: Математика; Думан: Логика; Нургүл: Геометрия
C) Әділет: Геометрия; Думан: Математика; Нургүл: Логика
D) Әділет: Логика; Думан: Математика; Нургүл: Геометрия
E) Әділет: Математика; Думан: Геометрия; Нургүл: Логика
8. 4 саннан Ермек ағашын құрастырды. Ағаштың үлгісі төмендегі суретте көрсетілген.




Нәтижесінде 0 саны алу үшін жоғарғы бірінші қатарда қандай 4 сан болуы керек?

I	8	2	1	3
II	8	2	0	2
III	16	5	1	2
IV	14	8	6	2
V	12	8	2	5

Қандай сандар қатарын қолдана аламыз?

- A) I, II, III
B) I, III
C) I, IV, V
D) II, V
E) III, IV


9.



Құбырдан 20 секундта 0,5 литр су ағады. Су бактың үлкенінен бастап кішісіне қарай толады. Құбыр сағат 09:00-де ашылып сол күні 12:04-те жабылады. Олай болса, су ең соңғы қай бакқа және неше литр құйылғанын табыңыз.

- A) 3-бакқа – 46 литр
B) 3-бакқа – 56 литр
C) 4-бакқа – 6 литр
D) 4-бакқа – 16 литр
E) 3-бакқа – 12 литр

10. Қиылып алынған бөлікті табыңыз.



- A) B)
C) D)
E)

Дайындаған: Абуталиев Диас,
Төрехан Ердаулет

*Логикалық сұрақтар қайталанып берілуде.
*Логикалық сұрақтардың дұрыс жауаптары журналдың келесі электрондық нұсқасында жарияланады.

«Сұм өмір абақты ғой саналыға...» деп жырлаған қазақ поэзиясындағы қайталанбас ақынның бірі, Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаевтың медицина қызметкері болғанын көпшілік біле бермейді, деп жазады El.kz ақпарат агенттігі.

Өзімізде бұл ақпаратты алғаш естігенде таңданып қалғанымыз рас. Қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың осынау жолға қалай түскенін толығырақ білу үшін медицина ғылымдарының докторы, профессор Әлихан Досахановты сұхбатқа тарттық.



Мағжан Жұмабаев фельдшер болғанын білесіз бе?

El.kz: Соңғы жылдары Алаш қайраткерлері туралы көптеген зерттеулер жасап жүргеніңізді білеміз. Мағжан Жұмабаевтың фельдшер болғанын да естіп қалдық...

Әлихан Досаханов: Иә, Мағжан Жұмабаев біздің ең сүйікті ақынымыз ғой. Мұхтар Әуезов «Бірінші Абайды сүйемін, екінші кереметтей өзінің орны бар, жарқыраған Мағжанды сүйемін» - деген. Біз де солай. Абайдан кейін, осы Мағжан ұлы ақын. Оны Валерий Брюсовтың өзі қазақтың Пушкині деп атаған.

Бірнеше жылдан бері Алашорда қозғалысына қатысқан дәрігерлер мен алғашқы фельдшерлердің өмірі мен қызметі туралы кітап жазып жүрмін. Тәуелсіздіктің арқасында 14 жыл бұрғынғы НКВД, УГПД-ның және СПЕЦ архивтерін қарауға мүмкіндік туды. Мұрағатты ақтарып отырып қатты әсер алдым. 8 қап дело алып келді. Олардың барлығында Алашордашылар. Мен Алматыда қараған 11 дәрігердің ісі бар екен. Сотталғандар

ісі. Ал мынау неге көп десем? Сөйтсем Алашордашылар мен алғашқы дәрігерлер тығыз қатынаста болған екен.

Солардың ішінен Мағжан Жұмабаевтың ісін алып қарадым. «Анкета арестованного» деген бар екен. Сондағы профессия деген жерін Мағжан өз қолымен толтырған. Бірінші писатель, екінші медицинский фельдшер депті.

El.kz: Сол фельдшерлікке қалай келгенін тарқатып айтып берсеңіз?

Әлихан Досаханов: 1930 жылы Мағжан Жұмабаев сотталып, лагерьге түсті. Оның қасында Ленинградтық Фирсов деген профессор, академик бірге отырған. Екеуі әңгімелесіп, бір-бірімен танысып болған соң, Фирсов айтады: «Мағжан сен енді, если Всевышний позволит біздер осы лагерьден шығамыз. Содан кейін қандай қызмет істейсің? Сенің мамандығың жазушы. Сен байларды жазасың, хандарды жазасың, бұрынғы ескілікті аңсайсың. Ол саған жұмыс болады

ма? Сен одан нан таба алмайсың. Екінші, сен учительский семинарияны бітіргенсің. Саған мұғалім болуға тағы болмайды. Ол идеологиялық жұмыс. Сондықтан қандай формация болсын, капитализм болсын, әр уақытта дәрігерлер мен фельдшерлерге қажеттілік бар. Сондықтан сен мына Ленинградта медицинский фельдшерлікті оқы. Мен саған көмектесейін», - дейді.

Осыдан кейін Мағжан сол жерде оқыған. Оған жұбайы Злиха Ленинградта тұрып Мағжан отырған лагерьге оқулықтарды алып келіп отырған. Солай 18 рет барады. Жақсы оқып, 1936-шы жылдың басында лагерьден шығады. Ленинградқа барып емтихандарды жоғары бағамен тапсырып, фельдшер деген диплом алады.

Сондай дәрігерлердің ішінен 23 адам атылып кетті. Олардың істерін қарап отырсам «Приговор вышей меры наказаний» деп жазған. ВМН деп жазады. Сосын атылады. Содан кейін Москвадан КГБ арнайы анықтама береді. Анықтаманы қарасам Мағжан 1938 жылы 18 наурызда атылды деп жазылған. Алматының сыртында бір жерге лақтырып, көміп тастаған. Осы ақпараттарды естіп-біліп, жыладым. Себебі, не баласы жоқ, не моласы жоқ. Қандай ұлы ақынымыз. Біздің мақтанышымыз. Сұмырай, жендеттер. Сталиннің тоталитарлық режиміне деген кек, ызада шек жоқ.

El.kz: Жаңа сөз арасында сондай дәрігерлердің 23-і атылып кетті дедіңіз. Олардың арасында Алаш зиялыларынан тағы біреу-міреу болды ма?

Әлихан Досаханов: Иә, болды. Мәселен, Міржақып Дулатов. Біздің «Оян қазақты» жазған кәдімгі ұлы жазушымыз. «Қазақ» газетін Ахмет Байтұрсыновпен бірге шығарушы. Ол да фельдшер болған. Міржақып 1935 жылы октябрьдің 5-інде лагерьде, Сосновец стансасында отырып дүние салды. Сол Міржақып Дулатовтың да ісін алып қарағанда, ерекше сезімді бастан өткердім. Жанның ашуы. Күю. Жылау. Екінші жағынан – мақтаныш. Халел Досмұхамедов айтқан ғой «Бізде ертеректе бірнеше адам әлемді таң қалдырды. Әлемді таң қалдырған адамдардың ішінде біздің қазақ пен қырғыздар да болды деген. Біздің Мағжан, Міржақыптар солардың бірі». Міржақып қайтыс болған кезде, қасында бірге болған Мырзағазы Есболов өзі құран шығарып жерлеген сол жерге. Сол Мырзағазы да фельдшер болған. Ол да көрнекті Алаш қайраткері. Алаш

орданың армиясы құрылған кезде сол әскери кеңестің басшысы болған.

Алғашқы фельдшерлер өте ғажайып адамдар болатын. Қандай қасиеттері бар еді. Ең бірінші, оларда сезім болды. Олар отансүйгіш болды. Олар елі үшін жанын беруге даяр болған. Және сол жолда атылып кетті де. Қазақтың мүддесін қроғаймын деп құрбан болды.

